

География сабағында жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығы

Қазіргі заманда білім беру ісінде талап деңгейінен шығу мұғалімнің іздену шеберлігіне тіреледі. Бүгінгі талап оқушыға білім берумен бірге оны білікті түрде қолдана алуына, оны дағдыға жеткізіп қана қоймай баланың ақыл-ойын, қабілетін дамытуға, әрекет нәтижесінде белгілі тұжырым жасай алуға үйретуге негізделеді. Әрине, оқытудың барлық әдістері баланы дамытуға бағытталған. Дегенмен осы кезге дейінгі дәстүрлі оқытуда оқулық пен мұғалімнің пікірін нысана етумен шектелеп келді. Ал бүгінгі оқыту оқушы қабілеті, оны жан-жақты дамыту, даму әрекеттерін ұйымдастырудың қажеттігін дәлелдеп отыр. География сабағында көрнекілік құралдардың көмегімен күрделі оқу материалын түсінуге, ұғынуға, қабылдауға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялар практика жүзінде қоғамдағы барлық мамандық салаларына байланысты пәндерді оқытуға қатысты. Оқытуда ақпараттық - коммуникациялық технологияны пайдалану бойынша біліктілік арттырудан өткен педагогтардың үлесі 2015 жылы олардың жалпы санының 90% құрайды, деп 2020 жылға дейін арналған стратегиялық бағдарламада көзделген. Олай болса, география пәнінің мұғалімі де компьютерді жетік меңгеріп, информатикадан хабардар болуы қажет. География пәні басқа пәндермен салыстырғанда, картамен тығыз байланысты екенің ескеріп, оқушылардың география сабағында құрлықтар мен дүние бөліктерін және аралдағы елдер мен халықтар жайында, қызғылықты деректерді, тек оқулық мәтіндегі берілген карта, сызба, сурет немесе диаграммаларды пайдаланумен ғана шектелмей, электрондық оқулықта көрсетілген бейне арқылы пайдалану тиімдірек болатынын ескеру керек. Құрлықтардың қалыптасуын, дамуын және қазіргі табиғат жағдайларының ұқсастықтарын, солтүстік және оңтүстік жарты шардағы ел-мекендерді көзбен көріп, есте сақтау үшін, жерсерік (интернет) арнасы арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін пайдаланған жөн.

Оқушылар оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер және қосымша кесте-сұлбаларды пайдалану арқылы біліктіліктерін арттыратын болса, көзбен көріп, электрондық оқулықтың көмегімен есте сақтау қабілетін және пәнге қызығушылығын арттырады. География сабағын информатикамен тығыз байланыстырып, компьютерде ақпараттық технологияларды және электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың білімін одан әрі жетілдіреді. Қорыта келгенде, қазіргі кездегі жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісінде әлеуметтік сұраныс технология деңгейінің

жетістігін талап етеді, яғни оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын модернизациялау деңгейінен (бағдарлама, оқулық, оқу курстары) өтіп, екінші сатысы ақпараттық технология деңгейіне көтерілу. Ақпараттық технологияны қолданудың тиімді жақтарын зерттей отырып, үздіксіз жүйелі жұмыс жасау, білім жүйесін дамытуда үлкен нәтижелерге жеткізеді, сонымен қатар білім сапасын да арттырады.